

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мұғалім - әлемдегі ең үздік мамандық

ЖАРИЯЛАНДЫ
01.11.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/168867/

Мұғалім — әлемдегі ең үздік мамандық

Ұстаз бола білген адам нағыз бақытты жан болар. Ұстаздың ұлылығын ел басқарған басшы да, ғалым да, дана да мойындай білген. Өйткені кез-келген танымал тұлға — ұстазына бас иген ең білікті шәкірттер.

Мұғалім шәкірттерінің өмірінде ерекше орын алады, өйткені мұғалім белгілі бір пәннен білім беріп қана қоймай тәлімгер, сырлас досы, тіпті, екінші ата-анасы да бола білген. Шәкіртін шығармашылыққа баулып, жетістікке жету жолын бағыттай білген адам. Демек, ұстаз білім мен мәдениетті, құндылықтарды және баланың мінез құлық нормаларын қалыптастыруда шешуші роль атқарып, қоғамның дамуына да күш-жігерін жұмсап, орасан зор үлесін қосқан жан дер едім. Жазушы Ғафу Қайырбеков атамыз айтқандай “Ұстаз болу — жүректің батырлығы”.

Ұстазды құрметтемеген, ұлықтамаған ел жоқ болар. Ежелден-ақ ұстазға деген құрмет ерекше болған. Белгілі философ, ғалым, әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби өз ұстазы Аристотельді ұлықтағаны сонша, ұстаздың үйіне жақындағанда атынан түсіп, жаяу жүрген екен деген естелік жазбалар ел арасына кеңінен тараған. Ел аузындағы “Тәрден орын ұстаздікі” деген жақсы сөз бекер болмас.

Қазіргі күнде ұстаз болу — таудан аққан тау өзені секілді жолында кездескендерді суымен нәрлендіріп, айналасына қуат берген, қиындықтарға мойымай білім мен рухани шығармашылықты ұштастырып, өз еңбегінен тыныштық тауып, дамылдайды. Ұстаз — қасиетті қасиетті мамандық иелерінің ішіндегі ең жоғарғысы деп білемін, өйткені, ұстаз — жас ұрпаққа адамгершілік қасиеттердің дәнін еккен дақылшы.

Менің мамандығым әлемдегі ең үздік мамандық — мұғалім. Қиындығы мен қызығы мол осы мамандықты бала кезімнен армандап, қол жеткіздім. Мұғалім — шәкіртінің болашағын қалыптастыратын шәкірт жүрегінен мәңгілік орын алатын әлемдегі ең жақсы мамандық.

Шындығында, ұстаз болу неткен бақыт десеңізші...Әлемдегі түрлі ғажайыптың

ішіндегі ең кереметі — зор біліммен жақсы тәрбиеленген адам. Ал осы екеуін беретін — ұстаз. Мен де өз ұстаздарымды құрметтеп, оларға бас иемін. Ұстаз еңбегі ел үшін де, шәкірт үшін де зор мәртебе екенін ұмытпайық.

Сейсенбай Қожахмет

49 ЖББМ “Сырдария”

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.